# Педагог

№3(81)
(Мамыр-Маусым)
(Май-Июнь)
2024

*Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца*

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2011 года на казахском и русском языках

**Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал**
**Республиканский научно-методический педагогический журнал**


## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ


Шеберлігі шыңдалған жан ........ 3

**Д. Кауымбаева**
Ұлттық тәрбие берудегі сабақ үлгілері ........ 6

**Г. Нурадинова**
Мұғалім: арманыңыздағы мамандық па әлде өміріңіздегі бейімділік пе? ........ 8

**А. Жакеева**
Баланың денсаулығына ритмика сабағының пайдасы ........ 9

**Г. Мадиева**
Биология сабақтарында білімалушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың инновациялық әдістері ........ 11

**А. Құрманбекова, А. Омархан**
Физика пәнінің күрделі есептерін шығаруда АКТ тиімділігі ........ 14

**С. Кыдирова**
Информатика мен мектептегі басқа пәндер арасындағы пәнаралық байланыс ........ 16

**Г. Ахметова**
Ерекше оқу түрін қажет ететін балалардың оқу бұзылыстарын түзете-дамытуда ескеретін негізгі мәселелер ........ 20

**Г. Шотова, Н. Султаниязова**
Теоретическое исследование особенностей эмоционального интеллекта обучающихся колледжа ........ 23

**Н. Байкенова**
Средства формирования инклюзивной компетентности педагогов общеобразовательной школы ........ 25

**Б. Арпабаева**
Шамалар ........ 29

**Ш. Омарова**
Қазақтың ақсұңқар ақыны ........ 33

**А. Хожамбергенова**
Еңбек етсең ерінбей ........ 34

**Б. Аяпова**
Қу түлкі ........ 38



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 15.02.2010 ж. Астана қаласында тіркеліп, №10712-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды 20.06.2024 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

**Редакцияның мекен-жайы:**
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: **pedagog-ltd@mail.ru**

Журнал <<RADO Print>> баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46, кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
**Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА**

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:
## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**Н. Омашев** – ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**С. Аманжолов** – педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.

**Ә. Дүйсебек** – Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.

**А. Миразова** – Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

**Р. Кіршібаева** – Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



Журнал зарегистрирован
в Министерстве культуры и
информации РК в г. Астане.
Выдано свидетельство №10712-Ж
от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 20.06.2024 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

**Учредитель:**
ТОО «Педагог LTD»
Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот.т.: 8 777 1949458,
8 777 3033767
**Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru**

Журнал напечатан в типографии
<<RADO Print>>
г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А


### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.


*Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.*

*Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.*


### ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

# Шеберлігі шыңдалған жан

Жамал Мейірбекқызы Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Сызған ауылында 1959 жылы 17 мамырда дүниеге келген. 1966 жылы Ғани Мұратбаев атындағы қазақ орта мектебін тәмамдап, Алматы қаласындағы Қазақтың Еңбек Қызыл ту орденді Ауылшаруашылық институтының жеміс бау-бақша және жүзім факультетін бітірді. Алғаш еңбек жолын 1984 жылдан 1987 жылға дейін Көкшетау өңірінің Майский совхозында агроном ретінде бастады. Сол жылдары жолдасы – Абуталип Төлегенұлы ветеринар дәрігер болып, екеуі бірге қызмет етті.

2011 жылы Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар достығы университетін кәсіптік оқыту мамандығы бойынша тәмамдады.

2012-2017 жылдары Алматы қаласындағы №187 жалпы білім беретін мектепте көркем еңбек пәні мұғалімі болып қызмет атқарды.

2017 жылы зейнетке шықты. Сол жылдан бастап 2022 жылға дейін «АйСаф» қыздар мектебінде көркем еңбек пәнінен сабақ берді.

2022 жылдан қазіргі күнге дейін «Orken Education» жеке мектебінде қолөнер үйірмесінің жетекшісі.

**Марапаттары:**

2018 жылы ҚР «Өрлеу» Білім-ғылым технологиялық порталының «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісімен марапатталды. №С055 Куәлік.



**Жамал Мейірбекқызы НҰРТАНОВА, «Orken Education» жеке мектебінің қолөнер үйірмесінің жетекшісі, Ұлттық Дизайн Академиясының академигі. Алматы қаласы.**

2022 жылы Астана қаласында Ұлттық Дизайн Академиясының академигі дәрежесін алды. №А-062 Дипломы.

2023 жылы Н. Адамқұловпен бірге «Жүннен жасалатын бұйымдар» атты технология пәні мұғалімдеріне арналған оқулық жариялады. – Алматы, «Бизнес полиграфия», 2023. – 104 бет.

Жамал Мейірбекқызы Республикалық педагогикалық, ғылыми-әдістемелік журналдарда үнемі іс-тәжірибесімен бөлісіп отырады.



Қазақтың қазақ болуы өз елінің, өз жұртының салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпын жетік білуінен басталады. Қазақтардың мәдени мұрасының маңызды бөлігін қазақ халқының шығармашылық болмысы мен эстетикалық талғамын көрсететін сәндік-қолданбалы өнері құрайды. Халық арасында әлі де киізден сырмақ, текеметтерді дайындау жұмысын жалғастырып келе жатқан шеберлер аз емес. Жамал Мейірбекқызы Дәмет әжесінің шеберлігін бала кезінен бойына сіңіріп, қазақтың ежелгі қолөнер бұйымдарының түр-түрін жасап, өскелең ұрпақтың ұлттық қолөнеріне қызығушылығын оята білді. Қазіргі таңда шәкірттері киіз басып, жүннен түрлі бұйымдар жасап, кілем, алаша, ши тоқып, қолөнер үйірмесіне түгел қатысады. Жасаған бұйымдары қалалық көрмеге, жәрмеңкелерге қойылып жүр. Жамал Мейірбекқызының бірегей қолөнер туындылары шет елдік азаматтардың қызығушылығын тудырып, АҚШ, Еуропа елдеріне тарап та үлгерді.


Адамқұлов Нұралы Мерекебайұлы
Нұртанова Жамал Мейірбекқызы

ЖҮННЕН ЖАСАЛАТЫН БҰЙЫМДАР

*Жалпы білім беретін мектептердің*
*Технология пәні мұғалімдеріне арналған оқулық*
*(7-11 сынып)*

Алматы, 2023

УДК 745/749
ББК 85.12
А 24

*Бұл оқулық Қазақ қыздар ҰПУ, «Кәсіптік білім» кафедрасының ғылыми кеңесінде талқыланып мақұлданды. (Хаттама №7 2023 ж.)*

***Авторлар:*** **Адамқұлов Нұралы Мерекебайұлы** - І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттіу университеті, "Шығармашылық білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры (доцент) педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР «Ақын Сара» сыйлығының жүлдегері. ҚР "Мәдениет саласының үздігі", Евразиялық дизайнерлер одағының мүшесі, ҚР «Білім хабаршысы» РҒӘ журналының бас редакторы.
**Нұртанова Жамал Мейірбекқызы** - Алматы қаласы, "Өркен" мектебінің көркем-өнер пәні мұғалімі. Евразиялық ұлттық академиясының академигі

***Пікір бергендер:***
**Халитова Исламия Рамазанқызы** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
**Дүйсембинова Райфа Кадірқызы** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

А 24 **Н.М. Адамқұлов, Ж.М. Нұртанова**
**«ЖҮННЕН ЖАСАЛАТЫН БҰЙЫМДАР»** Жалпы білім беретін мектептердегі «Элективті пәндерге» арналған әдістемелік оқулық: *Н.М. Адамқұлов, Ж.М. Нұртанова – Алматы:* «Бизнес Полиграфия» ЖШС баспаханасы, 2023 - 104 бет.

ISBN 978-601-342-084-6

Бұл еңбек жүннен жасалатын қазақ ұлттық бұйымдарының күнделікті қолданыста болатын түрлерін үйретуге талпынады. Мұндағы этнопедагогикадағы жүн өңдеу, бояу, басу т.б. әдіс-тәсілдерін, киіз басу, өрнектер қолданысын береді, сондай-ақ өнер сүйгіш қалың оқырман қауымға арналады. Бұл оқулық анықтаманың қызметін де атқара алады. Оқулықта авторлар тоқылмаған материалды киіздің беріктік қасиетін ұлғайту мақсатында жібек қиындыларын қосуды кеңінен қарастырған, жүн бұйымдарының технологиясын барынша түбегейлі көрсетуге, түсіндіруге тырысқан.

**УДК 745/749**
**ББК 85.12**

ISBN 978-601-342-084-6

© Н.М. Адамқұлов, 2023
© Ж.М. Нұртанова, 2023

**КІРІСПЕ**

Технология пәнінің ата дәстүрді жаңғыртып, ұрпақтан - ұрпаққа жеткізудегі еңбегі ерекше. Алайда ұлттық өнер, ұлттық салт - дәстүр, ұлттық мәдениет, ұлттық нақыш тек технология сабағында ғана емес, жастарға тәрбие беруде және оқу барысында кез-келген сабақта ұлттық педагогикамен үндестік тауып жатуы тиіс. Ол сөз жоқ, өскелең ұрпақты үлкен адамгершілікке, ұлтына деген патриоттық сезімге, шыдамдылыққа, биіктікке тәрбиелейді. Қазақ халқының ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасын жаңғырту, Ұлттық қолөнерге тән аса құнды тәжірбиелері мен дәстүрлі бұйымдардың жасалу жолдарының қыры мен сырын үйрену, ата кәсібімізді жаңаша үлгіде түрлендіру әрбір ұстаздың, оқытушы мұғалімдердің басты міндеті.

Киіз басу ісімен қазақ халқы өте ертеден таныс. Жүннен жасалған бұйымдар өмірде, тұрмыста жиі қолданып жүр. Жүннен жасалған бұйымдар берекелі, салмағы жеңіл, фактурасы жұмсақ, жағымды ауа өткізетін, жылуды жақсы сақтайтын және емдік қасиеттері бар екендігі қазіргі кезде дәлелденіп отыр.

XVI ғасырда қолөнер туралы Ибн Рузбихан: «Ақыл парасатқа қатты әсерлі әдемілік, көркемдіктен және шеберліктен бас айналады» деп жазған.

«Өнер қуат алмаса тіршіліктің шырағы өшеді» - деп М.Әуезов айтқандай, өсіп келе жатқан ұрпаққа өз халқының өнерін бойына сіңіріп өсіру қазіргі кездегі өзекті мәселе. Әсемдік тәрбиеде ұлттық өнердің алатын орны ерекше, өйткені өнер халықтікі, оны тудыратын да, бағалайтын да оның өзі. Сондықтан да «Өнер тілі ортақ», «Шебердің қолы ортақ», «Халықтан асқан ақын жоқ», «Өнер көзі- халықта», - деу арқылы халқымыз бүкіл адамзаттың озық ойлы өнер үлгілерінің баршаға ортақтығын айта келіп майталман өнер иесін әр уақытта да мақтаныш тұтқан. Қай халықтың болмасын ұлттық мұрасы, халықтық қазынасы - қолөнері болып табылған. Халық шеберлері ұлттық қолөнер бұйымдарын жасау арқылы сол халықтың этикалық және мәдени ұлттық дәстүрін көрсете білген.

Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында балалар мен жастарды тәрбиелеуде ең көкейкесті мәселелері ретінде білім мекемелерінде оқушылардың этнос - мәдени ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу әдіс-тәсілдері айтылған. Болашақ ұрпақтың сана - сезімін, ұлттық психологиясын, оны ерте замандағы ата - бабалар салт - дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін көрсетіп отыр.

Халқымыз өзінің өмір тәжірбиесінде баланы жастайынан еңбекке араластырудың мүмкіндіктерін ойластырған. Қыз балалар мен ұл балалардың өсіп дамуындағы өзіндік ерекшелігін ескере отыра еңбек түрлерін айқындаған. Қыз баланы құрақ құрап, кесте тігіп, жүн түту, жіп иіру, кілем тоқу, кілемге өрнек салу, ши тоқу, өзінен кіші іні- сіңілілеріне қамқорлық жасау ұл баланы мал бағуға, аң аулауға, мылтық атып мергендік құруға, қолөнер шеберлігіне,

3







Жамал Мейірбекқызы – үш қыз тәрбиелеген ардақты ана, аяулы әже. Жамал Мейірбекқызының жаны әсемдікке, шығармашылыққа құштар, бойындағы елжандылық қасиеті – айналасындағыларға үлгі-өнеге. Ұжымына сыйлы, достарына адал, кәсібінде шебер жан. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп жүрген бірегей жан – Жамал Мейірбекқызы Нұртановаға шығармашылық табыстар, шебер шәкірттер, отбасылық бақыт тілейміз!

**Жамал Мейірбекқызына арнау**

Мықты шебер керемет,
Жұмысы ғажап дөңгелеп.
Сіздей шебер көп болса,
Заманы әлі өзгереді.

«Өркен» қыздар мектебі,
Өнері басқа өзгерек.
Басшысы жақын жүрекке,
Жайнайды төңірек.

Мектепте сондай бір көркем,
Ойлама берген тегін деп.
Шәкірттер, шіркін, көп болсын,
Өнердің көрсін төрін көп.

# Ұлттық тәрбие берудегі сабақ үлгілері

Көркем еңбек пәнінде қолөнерді оқыту деген:

– өткен сабақтың нәтижелеріне терең де жан-жақты педагогикалық талдау жасау;

– іскерлікті оқыту мен оған тәрбиелеудің мақсатын жоспарлау;

– практикалық сабақтарда, оқу-тәрбие ісінде материалдық қаражатты, рухани күш-жігерді аз жұмсап, жетістікке қол жеткізетін тиімді жолдарын іздестіру;

– оқушылардың іскерлігі мен біліктілігін, шығармашылық белсенділігін ұдайы көтеріп отыру;

Көркем еңбек пәні мұғалімі білімдар, іскер, тәжірибелі мұғалім, әрі психолог болуы керек. Еңбек сабағын халықтық педагогикамен ұштастырудың маңызы зор. Әл-Фарабидің «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына біткен білімге негізделген этикалық игіліктер мен өнерді дарыту» - деген сөзді әр мұғалім өз сабағына ұстаным етіп алса деймін.

Қазақ бала тәрбиесінде өмір тіршілігінің ертеңгі келешегіне ерекше мән берген. Бала жас кезінен көз көргенді көңілге тоқып, қолы үйреніп, істей алатындай болуға бейімдендіріледі. «Ұл бала үш өнерді, қыз бала үш өнерді білуі парыз» деген екен халқымыз. Сондағы бұл үш өнер не? Ұл бала: таспа тіліп, өрім өре білуі; шаш алып, сақал – мұрт басуы; мал сойып, оны мүшелей білуі қажет, ал қыз бала: ине сабақтап, кесте тігуді; ұршық ұстап, жіп иіруді; арқау құрып, қап тоқуды үйренуі керек болған.

Қыздарды әсемдікке тәрбиелеуде, әлемнің әсемдігін көзбен көре білуге, зерделі болуға, ақылмен ойлануға жетелейтін ұстаздар қауымы. Қазақ халқының ұғымында қыз бала ақылды, байсалды, жаны нәзік те ерке, мінезі жайдарлы, өнерлі болып келеді. «Қыздың жиған жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей» деген теңеулер қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін көрсетеді. Осы орайда, қыз балаларға арналған «Жүннен бұйымдар жасау» (8 сынып) тақырыбындағы үйірме жұмысының бірнеше сабақ жоспарын және оқушылардың шығармашылық жұмыстарын үлгі ретінде назарларыңызға ұсынбақпын.

**Сабақ жоспары**

**Сабақтың тақырыбы:** Жүн және оның түрлері

**Сабақтың мақсаты:** Жүн, оның қасиеттері, түрлері туралы мағлұмат беру.

**Сабақ әдісі:** Түсіндіру, баяндау, көрнекі көрсетулер.

**Сабақтың түрі:** Жаңа сабақты меңгерту.

**Сабақтың көрнекілігі:** Жүн, оның түрлері, слайдтар.

**Сабақтың барысы**.

Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. Үйірменің тақырыбымен, мақсат-міндетімен таныстыру.

Жаңа сабақ. Жүн және оның түрлері

Төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен роль атқарған және оны ұқсатуды ел бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Қазақ халқының шаруашылығында мал жүнінің ең асылы және бұйымдар жасауға ең көп қолданатыны түйе және қой жүндері, ешкі түбіті, оның қылы, содан кейінгісі жылқының жал-құйрығы, түйенің жүні, шудасы.

Түйе жүнінен неше түрлі өрмек жіптерін иіріп, шекпен, қап, белбеу, құр, кілем, қоржын сияқтыларды тоқиды. Сол сияқты түйе жүні айыл-құйысқан, өмілдірік, ноқта жасауға және көген, бау-шу есуге өте қолайлы. Түйе жүні көрпеге салуға, шапанға тартуға өте жақсы, жеңіл, әрі жылы болады, қылшық шықпайды. «Шуда» деп түйенің мойнындағы, тізесіндегі, екі өркештің үстіндегі салалы

қылшық жүндерін айтады. Шудадан жамаужасқаулық жіп иіріледі. Бұрын қазақтың тон-шалбары, сабасы мен торсығы, көп ыдыстары осы шуда жіппен тігілген. Шуда жіп «шертер», «керуіш» деп аталатын.

Қойдың жүнін «жабағы», «күзем жүні», «қозы жүні», «өлі жүн» және «шет-пұшпақ» деп бес түрге бөліп атайды. Қойдың жабағы жүнінен шидем шапан, күпі күседі, ішпек, терілік жасайды, тыстап күпсек (бөстек), көпшік, жеңіл байпақ тігеді. Қойдың жабағы жүнін түтіп, одан кейін матаның сыртына шықпас үшін қылшықтарын бүрілтіп қайнатады. Бұл жүнді шайырынан арылтып тазарту үшін де істеледі. Жабағы жүнді киімнің, көрпенің арасына салады, неше түрлі иіру ісіне, бізбен, сыммен тоқу жұмысына қолданады. Түтілген жабағы жүннен шүйке жасалып, бау-шу есіледі, өрмек жіптері, неше түрлі жиектер ширатылады.

Ал күзем жүнінен, қозы жүнінен киіз басылады, текемет, сырмақ, қалпақ, кебенек, киіз етік, пима сияқты киім-кешектер жасалады. Күзем жүні мен қозы жүні иіруге келмейді, ол киімнің, көрпенің арасына тартуға да жарамсыз.

Малдың терісінен жұлынып немесе жидітіп алынған жұлма жүнді, қойдың бауырында, пұшпақтарында байланып жүретін білтеленген жүндерді «өлі жүн» деп атайды. Қотанның ортасында түсіп қалған, бұтаның басынан жиналған, баушу ескеннен қалған үзік жүндерді «шетпұшпақ жүн» деп атайды. Мұндай жүндер көбінесе аркан-жіп есуге жұмсалады.

Ешкі жүнін түбіт, қылшық деп екіге бөледі. Түбіт иіруге, шұлық, қолғап, шәлі сияқты жеңіл әрі жылы киімдерді тоқуға тиімді. Оны ешкі түлеген кезде қылшық жүнмен бірге қырқып алып, түтіп қылшығынан бөледі. Ешкінің қылшығы арқан-жіп есуге жұмсалады. Қазақ талғамында ешкі түбіті түйе жүнінен де қымбат, жібекпен теңдес саналған.

Жылқының жал-құйрығын «қыл» деп атайды. Жал-құйрық көбінесе арқан-жіп есуге, сүзгі тоқуға, тұзақ есуге, жұмсалады. Жылқы қылын терімен қаптап көпшік, жастық, бөстек жасауға, қобызға тағуға пайдаланған.

Қазақ шеберлері мал жүнінен басқа қоянның жүнін, құстың мамығын да іске жаратқан. Қоянның жүнінен жылы шарф, қолғап, шұлық, бөкебай тоқыған.

Құстың мамығынан құс жастық, құс төсек жасаған. Тымақтың маңдайына, найзаның ұшына, салт атты адамның иығына тағып алған құс қауырсыны «өте асығыс» деген белгіні білдірген. Осыдан келіп хан мен хандар арасында тығыз хабар жөнелтілгенде хаттың сыртына бір тал қауырсын бекітілетін, оны «үкілі почта» деп атаған.

Үкінің жүні қазақтың ескі салты бойынша әсемдіктің белгісі деп саналған. Сонымен бірге үкіні қасиетті деп те білген. Мысалы, ерте кезде бақсы, молдалар, хан тұқымдары, атақты батыр, ақын, салдар үкі тағып жүрген. Ұзатылар қызға, қайнына баратын күйеуге, алғаш отау болғанда шымылдыққа үкі қадау ғұрпының бір жоралғысы осыдан қалса керек. Осыдан келіп жүнделетін бір үкі бір аттың құнымен бағаланған.Үкіні ұлпа және қара қасқа үкі деп екі түрге ажыратады. Үкінің балақ жүнін – ұлпа, ал бауыр жүнін – қара қасқа үкі деген. Қара қасқа үкіні көбінесе ерлер қадаған. Сәукеле, тақия, бөрік сияқты қыз-келіншектер дүниесіне көбінесе ұлпа (балақ жүн) үкісі қадалған. Ақ үкінің жүнін түрлі түсті етіп бояп та пайдаланған. Мұндайда бояуға қазының майын қосқан. Үкіні аулап ұстап, балақ жүні мен бауыр төсінің жүнін алып, өзін жемге тойғызып қоя беретін. Мұны «үкі жүндеу» деп атайды. Үкі жүндеген ауылдан олжа алу салты да болған.

**Динара Нагметовна**
**КАУЫМБАЕВА,**
**«Кәрім Мыңбаев атындағы №59**
**мектеп-лицейі» ШЖҚ МКҚ**
**көркем еңбек пәні мұғалімі.**
**Астана қаласы.**

# Мұғалім: арманыңыздағы мамандық па әлде өміріңіздегі бейімділік пе?

Ұстаздық – берілген сый, ұстаздық – талант, ұстаздық – бейімділік, ұстаздық – өмірлік іс. Заманауи ұстаз – ең алдымен, шәкіртінің жақсы досы, әрқашан түсініп, қолдайтын сұхбатшысы. Мұғалімдік мамандықты таңдағандар білім алушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мен ертеңгі ел болашағын жарқын етер азамат қалыптастырудың жауапкершілігі орасан зор екенін ұғынары анық. Жақсы ұстаз – бұл қай кезде де ең алдымен, кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігі болуы тиіс.

Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының: «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек», - деген қанатты сөзін ескерсек, ұрпақ тәрбиесі баланы оқыту, заманына лайық тұлға етіп шығаруды көздейді. Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Елдің ертеңін қалыптастыратын мұғалім бойында мамандығына адалдық, кәсіби шеберлік, оқушыға сенім болуы тиіс. Алғаш әріп танытып, өміріміздің баспалдағына жетелеген ұстаз бейнесі өмірімде осы жолды таңдауыма тікелей әсер етті. Жылжыған жылдарда шәкірт болудан бүгінде ұстаздыққа бет бұрдық. Өмір бойы оқыта жүріп оқуға, үйрете жүріп үйренуге баулыған мамандығым тәжірибеге толы жылдарым мен қайталанбас шәкірттер жолымен бөлек.

Үнемі оқумен, еңбекпен, ізденіспен келе жатқан педагог – барлық істі атқаруға уақыт таба білетін жан. Белгілі философ Ж.Ж. Руссо «Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзінің уақытын аямау» деген екен. Құзіретті мұғалім әрбір ісін нәтижелі, сапалы орындауды мақсат етеді. Ол білгенін қанағат етпей, біле бергісі келеді. Біріншіден, ұстаз өзінің еңбегінің нәтижесін өлшеу, біліктілігі мен қызметінде сапалы көрсеткішке жетуі. Екіншіден, практикалық қызметте педагогтің сапалық көрсеткішін зерттеу біліктілігі. Бұл шебер педагогтің, шығармашыл, бәсекеге қабілетті педагогтың өз қызметіне, оның нәтижесіне талдау жасай білу біліктілігін көрсетеді.

Педагогикалық бағыттағы зерттеулердің авторы әрі білім саласындағы өзекті мәселелерді талдау жасаған Дж. Хэтти өзінің «Көрнекі оқу» атты көпшілікке кең танымал кітабында мектептегі білім сапасын қалай арттыруға болады, нәтижелі оқытуға қалай жетуге болады деген сауалға жауап іздеген. 1200-ге жуық талдау қорытындыларын келтіріп, Дж. Хэтти 15 жыл бойы жүргізген зерттеулерінде «Мектептегі оқудың нәтижелерін қалай жақсартуға болады? Оқушылардың оқу нәтижелеріне не және қалай ықпал жасайды? Оқытуда не жақсы жұмыс жасайды? Қалайша оқу үдерісін анағұрлым тиімді жасап, оқушыларды жоғары нәтижелерге жетелей аламыз? Оқу нәтижелеріне оқушының тұлғасы, жанұясы, мұғалім, оқу бағдарламасы мен оқыту әдістемесі қалайша ықпал жасайды?» деген сұрақтарға жауап ретінде оқытудың сапалы әрі оқу үдерісінің тиімді, нәтижелі болуы тікелей ұстаз тұлғасына байланысты екенін анықтаған. Қазақ санасының шамшырағы, ағартушы Ы. Алтынсариннің «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деген сөзін бұл ұғыммен дәйектей аламыз. Менің ойымша, кез келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер – тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз

ұстаз тұл» деген тегін айтылмаса керек.

Мұғалім – оқушы үшін еліктейтін нағыз тұлға. Кез келген оқушы үйінде әкесіне, немесе шешесіне еліктесе, ал мектеп қабырғасында ол өзінің ұстазына еліктейді. Міне, бұдан шығар қорытынды, мұғалім бірінші кезекте өзінің шәкірті үшін еліктейтін тұлға бола білуі керек. Егер ол еліктейтін тұлға бола білмесе, оқушылар оның берген білімі мен тәрбиесін самарқау қабылдайтындары сөзсіз. Бұдан кейінгі кезекте, мұғалімнің жинақтаған білімінің толық болуы – негізгі шарт. Ақын, философ О. Хайям:

*Темірдің өткірлігі ұстасынан,*
*Жаһанда ғылым іздеп адам болу,*
*Шәкірттің білімдісі ұстазынан*, - дейді.

Шәкіртке білім беріп, адамшылық қасиетін қалыптастыру – мұғалім мойнындағы өте ауыр да жауапты жүк. Осы аталған жауапты жүкті ең бірінші арқалайтындар – мектептің ең негізгі іргетасы болып саналатын бастауыш сынып мұғалімдері. Кез келген ғимараттың іргетасы мықты болмаса, оның құрылысының нашар да сапасыз болатыны рас. Міне, бастауыш сынып жоғарғы сыныпқа апарар іргетас болып саналады. Бастауышта алған білім мықты болса, оқушылардың жоғарғы сыныпқа барғанда да алатын білімдері сапалы деген сөз. Осы іргетасты қалаушы бастауыш сынып мұғалімдерінің арқалап жүрген міндеттемелері мен жауапкершіліктері жоғары.

Бір кездері ұстаз алдында отырған шәкірт болып қарасам, енді өз шәкірттерінің жанарларына қарап жанын ұғуға тырысқан, бала жанының бағбанына айналар ұстаздық жолын атқарып келемін. Мұғалімдік қызметте әрдайым ұстанатын ұстанымымды ұлттың ұлы перзенті атанған Д.А. Қонаев сөзімен дәйектеймін: «Өмірдің екі тірегі бар: үйретуден жалықпау, үйренуден аянбау».

Қорытындылай келгенде, мұғалімдік – қадірлі мамандық. Ұстаздық – ұлы жол. Ұстаздық ұстанымға берік болып, ел мүддесіне қызмет етер ұлтжанды, білімді азаматтарды оқыту, тәрбиелеу – басты міндет, жүрек ісі.

**Гаухар Мирамбековна НУРАДИНОВА,**
**№181 жалпы білім беретін мектептің**
**бастауыш сынып мұғалімі.**
**Алатау ауданы,**
**Алматы қаласы.**

# Баланың денсаулығына ритмика сабағының пайдасы



**Айжан Жаксылыковна ЖАКЕЕВА,**
**С. Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейі би үйірмесінің жетекшісі.**
**Астана қаласы.**

Ритмика сабағында бала үшін қозғалыс арқылы өз-өздерін көрсетудің тәсілі болып табылады. Ал, қазіргі заманғы музыка әуені кең қозғалыстығымен, көңілді динамикасымен балаларға жақын. Музыкалық-ырғақтық іс-әрекет ритмика сабағының жұмыс мазмұны болады да, оның нәтижесінде оқушылар музыкаға қосылып, қозғалыс арқылы өзін, яғни «мен» дегенді көрсетеді. Күрделі емес музыкалық формаларды меңгеруі, музыкамен әртүрлі қозғалыстарды – жүгіру, секіру, би және гимнастикалық жаттығуларды орындау, оқушылардың қозғалыс дағды-

ларын, кеңістік бағдарын және қозғалыс тепе-теңдігін жақсартуға көмектеседі. Ритмика – оқушының эмоционалдық қалпын және тәртібін қалпына келтірудің жақсы құралы болып келеді.

**Ритмика сабағының рөлі:** Балалардың салауатты өмір сүруге және денсаулықтарын нығайтуға жағдай жасау.

**Ритмика сабағының мақсаттары:**

Оқушылардың дене бітімін шынықтырып, күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді түсіну және билеу қабілетін қалыптастыру. Өзін - өзі ұстай білуге тәрбиелеу.

**Ритмика сабағының міндеттері:**

Сезіну, есту қабілетін дамыту;

Қимыл-қозғалыс аппараттарының жүрек қан айналымын реттеп, жақсарту;

Дененің дұрыс бітімін қалыптастыру, дұрыс демалу, дер кезінде дұрыс қимылдарын жетілдіру;

Музыкалық шығармалардың буын ырғағын, екпінін, мазмұнын дұрыс түсінуге дайындау;

Теория және практика жүзінде қозғалысын дұрыс сезіне білу;

Билеу кезінде би қозғалысы арқылы оның мәнерлілігін арттыру;

Би қозғалысы кезінде би үйрену дағдыларын қалыптастыру.

Мектепке дейінгі кезең-әр адамның ең жауапты кезеңдерінің бірі. Осы жастағы балалардың дене құрылысының кемелденуі, гармониялық ойлауы және адамның тұлғасы қалыптасып, денсаулық негізі қаланады. Яғни, музыкалық ырғақты сабақтар әсемдік пен қатар баланың бұлшық еттерінің дамуы мен дене сымбатының дұрыс өсуіне тигізетін әсері зор.

Ритмика сабағында көркем гимнастика, дене шынықтыру элементтері және балалардың негізгі психологиялық функциясының дамуына мүмкіндік туғызады (ойлау, есте сақтау, зейін және елестету). Ритмика сабағы арқылы бала қозғалысағы бостандығын сезінеді, қуаныш сезімі оянып, балалардың әуенге сай ырғақты би қозғалыстарына деген қажеттіліктері ұлғаяды.

Балалар әуен ырғағына ере отырып, өз денелерін еркін қозғалысқа келтіре алады, жеңіл және күрделі қимылдарды өздігінен орындауы дамып, ырғақты іс-қимылдарды жасауға машықтанады.

**Ритмика сабағында:**

- Балалардың музыкаға, өнерге деген қызығушылығын қалыптастырады;
- Балалар әдемі қозғалысқа, әдемі жүруге дағдыландырады;
- Балалардың жас ерекшелігін, шама шарқын ескеріп, жеңіл музыкалық репертуардан бастап, біртіндеп күрделендіре отырып жүзеге асыру;
- Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, би элементтерін үйренеді;
- Балалардың қимыл белсенділіктерін артады;
- Би билеудегі ережелерді біледі;
- Жұппен би билеуді үйренеді;
- Сахнада өзін ұстауды үйренеді;
- Әр ұлттың биін меңгереді;

Ритмика сабағында тек қана би үйретіліп қана қоймай ырғақ жаттығулары арқылы денсаулықтары нығайып, ой-өрістері дамиды. Бұлшық ет күштері жақсарып, икемділік, төзімділік қабілеттері дамиды және дене бітімдері түзеліп, сымбаттылыққа тәрбиеленеді, әдемілікке деген құштарлықтары артады, яғни ырғақты би жаттығулары баланың ішкі барлық ағзаларына әсер етеді. Мысалы: ішкі рухани жағдайы өзгеріп, мазасыздықты басып, қандағы кортизол деңгейін жақсартып, жалпақ табандылық, тыныс демікпесі, созылмалы бронхит, өкпенің қабынуын, омыртқа қисаю ауыруларын алдын алады сонымен қоса балалардың зияткерлік деңгейінің артуына, оның ойлау жылдамдығына ықпалын тигізе отыра есте сақтау қабілеттерін жақсартады.

# Биология сабақтарында білімалушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың инновациялық әдістері

Бұл мақалада биология сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығының құзыреттілігін қалыптастыру технологиялары сипатталған. Функционалдық сауаттылығының анықтамасы, сондай-ақ оқытудың заманауи тәсілі тұрғысынан жаратылыстану сауаттылығының құзыреттілігінің сипаттамасы берілген. Функционалдық сауаттылық мектепте биологияны оқыту әдістемесіндегі негізгі құндылық бағдары болып табылады. Жүргізілетін зерттеу жұмыстары пәнаралық сипатқа ие. Автор биологияны оқытудың заманауи тәсілі аясында функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізгі мәселелерін анықтайды. Биология сабақтарында оны қалыптастырудың мүмкін бағыттары, формалары, құралдары, әдістері мен технологиялары ұсынылады. Автор функционалдық сауаттылықтың құзыреттілігін қалыптастыруда заманауи технологияларға, атап айтқанда, квест-технологияларға ерекше рөл береді. Қоғам дамуының қазіргі кезеңі еліміздің білім беру жүйесіне саяси, әлеуметтік-экономикалық, дүниетанымдық және басқа факторларға байланысты бірқатар түбегейлі жаңа проблемалар туғызады, олардың ішінде білім беру сапасы мен қол жетімділігін арттыру қажеттілігін атап өту керек. Бұл мәселелерді шешудің тиімді әдістерінің бірі – білім беруді ақпараттандыру.

Мұғалім жаңа стандарттар бойынша сабақты білімалушылардың жаңа білімді өз бетінше игеріп, осы білімді әртүрлі мәселелерді: танымдық, оқу-практикалық, өмірлік мәселелерді шешуде өз бетінше қолданатындай етіп ұйымдастыруы керек. Автор өз жұмысына биология сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін ақпаратты түсінуге, бағалауға, оны қолда бар теориялық білім негізінде талдауға мүмкіндік беретін дамытушы технологияларды қолданады, осы білімді стандартты емес жағдайларда қолдану дағдыларына ие болады, талдау негізінде шешім қабылдауға қабілетті болады. Мақалада қазіргі мектепте биология сабақтарында осы технологияны қолдану ерекшеліктері көрсетілген. Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылықтың құзыреттілігін қалыптастыруда биология пәнінің мұғалімі оқытудың заманауи тәсілдері тұрғысынан жаратылыстану сауаттылығын түсіну, биология сабақтарында қолдануға ұсынылатын оқытудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларды есепке алу, биология пәнінің мұғалімінің оқытудың инновациялық әдістерін қолдануы сияқты компоненттерді ескерген жағдайда ғана мүмкін болатынын атап өтеді.

Қазіргі таңда жастар ғылыми-техникалық революцияны тереңдету дәуірінде өмір сүріп жатыр, бұл өмірдің барлық салаларына әсер ететін ғылым, техника және технология, өндіріс, басқару бір-бірімен өзара әрекеттесетін күрделі жүйе болып табылады. Қазіргі заманға ілесе отырып, білім беру жүйесі өз қызметінің бағыттарын, жалпы білім беру мазмұнын жаңартады.

Инновациялық ақпараттық технологияларды зерделеу және оқытудың жаңа әдістері мен әдіснамаларын әзірлеу, ақпа-

ратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, ақпаратты таба алатын және ала алатын, өмірлік кеңістікте өз бетінше шарлай алатын шығармашылық тұлғаны дамыту қажеттілігі артып келеді. Қазіргі таңда қоғамда білімалушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау және өзгермелі жағдайларда тез бейімделу және жұмыс істеу қабілеті – бұл функционалдық сауаттылықтың ұғымымен түсіндіріледі. Бұл дегеніміз білімалушылардың білім алуды, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды, ғылыми білімді үнемі байытуды және оны практикада қолдануды қамтиды, әрбір тұлғаның әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыпты өмір сүруін және қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

**Мақаланың өзектілігі.** Қазіргі білім берушілердің мектептегі басты құзыреттілігі – білім алушыны оқу қабілетіне үйрету болып табылады. Білім берушілер әр түрлі міндеттерді өз бетінше шеше алатын, сыни тұрғыдан ойлай алатын, кез-келген ақпаратты қолдана алатын, білімді толықтыра алатын, өз сенімдерін қорғай алатын, өзін-өзі дамыта алатын, білімді іс жүзінде қолдана алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы керек. Дәл осы құзыреттілік биология пәнінің функционалдық сауаттылығына негізделген. Биология пәніндегі функционалдық сауаттылық-бұл білім алушының өзі өмір сүретін әлемдегі биологияның рөлін анықтау және түсіну, негізделген биологиялық пайымдаулар жасау және қазіргі және болашақтағы ойлаушы, жан-жақты дамыған тұлғаға тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдалану қабілеті. Мұның бәрі функционалды сауаттылықты тұлғаны дамытуға бағытталған. Зерттеудің басында мақаланың негізгі өзектілігіне мән беріліп, оған сәйкес келесі зерттеу сұрақтары әзірленді:

1. Зерттеу жүргізбес бұрын 7-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығының деңгейі қандай болды?
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін қандай инновациялық әдістер қолданылды?
3. Инновациялық әдістерді қолданып, биология пәні бойынша қандай тақырыптар талданды?
4. Инновациялық әдістерді қолданып, сабақ өткізгеннен кейінгі нәтиже қандай болды?

**Зерттеудің мақсаты:** Білімалушылардың биология сабағында функционалдық сауаттылығын арттыруда инновациялық әдістерді қолдана отырып, оқытудың сынып-сабақ формасының педагогикалық тиімділігін арттыру.

**Зерттеудің міндеті:**

- функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған оқу саласындағы білім алушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін арттыру;
- білімалушылардың «биология» сабағында функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында инновациялық әдістерді қолдану;
- білімалушылардың биология пәніне қызығушылығын арттыруда білім сапасын жақсарту;
- мұғалім мен білім алушылардың өзара түсіністігі, олардың оқу үдерісіндегі ынтымақтастығы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

**Зерттеу материалы мен әдістері.** Зерттеу нысаны – Астана қаласының №64 орта мектептегі 7-сынып оқушылары. Зерттеу 2023 оқу жылының үшінші тоқсанында өткізілді. Зерттеуге 13-14 жас ерекшелігіндегі оқушылар алынды. Сыныпта 25 оқушы. Инновациялық әдістерді қолдана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған зерттеу 3 кезеңнен тұрады:

1) Зерттеу басында оқушылардың биология пәні бойынша функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау үшін тест алынды;

2) Оқу үдерісінде заманауи инновациялық әдістер енгізіліп, биология саласындағы тақырыптарға сай сабақтар өткізілді;

5) Нәтижесінде оқушылардың сауаттылық деңгейі жоғарылады.

**Қатысушылар және сынама алу әдістемесі.** Астана қаласының №64 орта мектептегі 7-сынып оқушыларына биология пәні бойынша функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау үшін тест құрастырылды. Тест 20 сұрақтан тұрды. Оқушылардың функционалдық деңгейі санаттар арқылы анықталды. Биология пәні бойынша функционалдық сауаттылық бағалары немесе ұпайлары Пурванто енгізген өзгерістерге сай бірнеше санаттарға бөлінген, атап айтқанда [7]: өте жақсы (86-100 ұпай), жақсы (76-85 ұпай), орташа (60-75 ұпай), төмен (55-59 ұпай) және өте төмен (54 ұпайдан аз).

Оқушылардан тест алған соң инновациялық әдістің 4 заманауи түрі интерактивті сабақ және дизайн-ойлау процесі, мультимедиялық әдіс және кубизм әдістерін қолдану арқылы жасушалық биология, су мен органикалық заттар және микробиология, биотехнология тақырыптары бойынша сабақтар өткізілді.

**Күтілетін нәтижелер:** Заманауи инновациялық технологиялардың әдістерінің мәні мен әртүрлілігін қарастырып, оларды биологияны оқытуда қолдану ерекшеліктерін сипаттай отырып, біз түрлі әдістерді пайдалану осы пәнді оқыту мүмкіндіктерін арттыруға, оқу материалының мотивациялық және көрнекі параметрлерін оңтайландыруға, оқытудың сапалы жаңа деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деген нәтижені күтеміз. Сабақтардағы қолданылған әдістер биологияның негізгі білімін игеруге және бекітуге мүмкіндік беретін оқу жетістіктеріне бағдарлау арқылы оқуға деген ынтаны арттырады деген сеніміміз мол. Осылайша, эксперимент нәтижелері көрсеткендей, егер мектеп биология курсында инновациялық технологиялық әдістерді үнемі қолданса, онда білім алушылардың үлгерімі мен сапасын арттыру қамтамасыз етіледі.

**Жобаны дамыту перспективалары:** Мектептер тарапынан оқушылардың инновациялық технологиялық әдістерді қолдану жұмыстармен айналысуына барынша жағдай жасалуы керек. Биологияны оқытуда теориямен бірге зерттеушілік жұмыстардың қатарын арттыру маңызды болып табылады. Функционалдық сауаттылықты арттыру мақсатында инновациялық әдістерді қолданудың жұмыстарын жүргізу арқылы білім беру мекемелері арасында тәжірибе алмасып, коммуникациялық құрылымдарды дамыту қажет.

**Ұсынылған әдебиеттер:**

1. Ларина А.А. Личностно-профессиональное самоопределение учащихся – одна из центральных задач современной школы / А.А. Ларина. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. 2010. № 1-2 (13). Т. 2. – С. 205-208. Режим доступа: https://moluch.ru/archive/13/1166/ (дата обращения: 22.03.2021).

2. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы, утвержденная постановлением Правительства от 7 декабря 2010 г. № 1118 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118 (дата обращения 22.12.2014).

3. Adnan, Mulbar, U., Sugiarti, & Bahri, A. (2021). Biology Science Literacy of Junior High School Students in South Sulawesi, Indonesia. Journal of Physics: Conference Series, 1752 (2021) 012084, 1- 9. doi:10.1088/1742-6596/1752/1/012084

4. Arend, B. (2009). Encouraging Critical Thinking in Online Threaded Discussions. The Journal of Educators Online, 6(1), 1-23.

**Гульнар Колумбетовна МАДИЕВА,**
**С. Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі.**
**Астана қаласы.**

# Физика пәнінің күрделі есептерін шығаруда АКТ тиімділігі

Физика сабағында күрделі есептер шығару кезінде оқушыларға ақпараттық технологияларды пайдалану (АКТ) өз тиімділігін көрсетті. АКТ арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру – қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Физика сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын.

Физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше. Физикалық эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оқушыларды физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді.

Күрделі есептердің мынадай мысалдарын қарастырайық. 1-мысал. Тоқ көзінің электр қозғаушы күші ε, ал ішкі кедергісі r. Сыртқы R кедергіде алуға болатын ең үлкен қуатты анықтау керек.

*Шешудің I-тәсілі.* Сыртқы R кедергіде алуға болатын қуат N:

$$N=I^2R, \qquad (1.1)$$

мұндағы I тоқ күші. Ол тұйықталған

тізбекке арналған Ом заңы бойынша мынаған тең:

$I=\varepsilon/(R+r)$. (1.2)

Онда (1.1) өрнек былай жазылады:

$N=\varepsilon^2 R/(R+r)^2$. (1.3)

Берілген теңдеу сыртқы R кедергіге қатысты мынадай квадрат теңдеуге түрленеді:

$NR^2-(\varepsilon^2-2Nr)R+Nr^2=0$. (1.4)

Соңғы алынған R кедергіге қатысты квадрат теңдеуді шешсек, оның түбірі:

$R=[\varepsilon^2-2Nr+\varepsilon(\varepsilon^2-4Nr)^{1/2}]/(2N)$. (1.5)

Бұл шешім мына жағдайда дұрыс болады:

$\varepsilon^2-4Nr\geqslant 0$. (1.6)

Осыдан

$N_{max}=\varepsilon^2/4r$, (1.7)

яғни R= r болса, онда R кедергіде ең үлкен қуат $N_{max}$ бөлінеді.

*Шешудің II тәсілі.* R кедергіде бөлінетін қуат

$N=\varepsilon^2K^{-1}$, (2.1)

мұндағы K ($K^{-1}=(R+r)^2/R$) ең кіші мәнді болғанда N ең үлкен мәнге жетеді:

$K=2r+(R+r^2/R)\geqslant 2r+2(R\cdot r^2/R)^{1/2}=4r$. (2.2)

Соңғы теңдеуде Евклидтің $(a+в)/2\geqslant(ав)^{1/2}$ теңсіздігі пайдаланылды ($a, в\geqslant 0$). Теңдік R = r болғанда орын алады. Демек, $K_{min}=4r$ болса, онда

$N_{max}=\varepsilon^2K_{min}^{-1}=\varepsilon^2/4r$. (2.3)

Мысалдағы күрделі есептерді физика пәнін арналған электронды ресурстардан оқушы өз бетімен оқып-ақ есеп шартын және оның қорытынды нәтижесін анықтай алады.

Қазіргі таңда мен өз тәжірибемде оқушыларға физика сабағында электрондық оқулықты пайдаланып келемін. Онда әр тарауда тақырыптың мазмұны, заңдары мен анықтамалары, түсініктеме сөздігі мен қазақша – орысша сөздік, кестелер, ғалымдардың өмірбаяндары, жаттығулар мен есептер, бақылау жұмыстары қамтылған. Тараудағы оқу материалдары бойынша берілген анимациялық тәжірибелер оқушыларға физикалық құбылыстарды көрсете отырып, түсіндіруге ыңғайлы.

Сонымен қатар тақырыпты қорытындылау үшін тест сұрақтары берілген. Бұл тест сұрақтарының нәтижесі әр оқушыға жауап беру деңгейіне қарай пайыздық көрсеткішпен бағаланып беріледі. Бұл әдіс оқушының білімін көтеруге, сабаққа ынтасын қалыптастыруға оң әсер ететіндігі сөзсіз.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Жанабаев З.Ж., Тынтаева Ш.Б., Жолдасова Х.Б. Теория и методика обучения физике. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 135 с;
2. Ақылбаев Ж.С., Ермағанбетов Қ.Т. Электр және магнетизм. – Қарағанды, 2002. – 479 б.
3. Бурсиан Э.М. Задачи по физике для компьютера, – М., 1991, - 291 с.;
4. Зисман Г.А., Тодес О.М. Курс общей физики. Т.2., – М. Наука, 1969.
5. Каменецкий С.Е., Пурышева Н.С., Важеевская Н.Е. и др. Теория и методика обучения физике в школе: Частные вопросы: Учебное пособие для студ. Высш. пед. учеб. заведений, – М.: Изд. Центр «Академия», 2000.

**Айнаш Керейбаевна ҚҰРМАНБЕКОВА,**
**№64 мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.**
**Арайлым Нұрсейтқызы ОМАРХАН,**
**№64 мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі.**
**Астана қаласы.**

# Информатика мен мектептегі басқа пәндер арасындағы пәнаралық байланыс

**Аңдатпа:** Бұл мақалада информатика пәнінің басқа пәндермен байланысы туралы айтылған. Басқа мектеп пәндерін оқыту кезінде информатикамен байланыстыру тәсілдері көрсетілген.

**Кілт сөздер:** информатика, математика, физика, байланыс, пәнаралық байланыс, оқушы және сабақ.

**Аннотация:** В этой статье говорится о связи информатики с другими предметами. Показаны способы подключения к информатике при преподавании других школьных предметов.

**Ключевые слова:** информатика, математика, физика, коммуникация, межпредметная коммуникация, ученик и урок.

**Abstract:** This article talks about the connection between computer science and other subjects. Shown are ways to connect to computer science when teaching other school subjects.

**Keywords:** computer science, mathematics, physics, communication, interdisciplinary communication, student and lesson.

Жұмыс тәжірибесінен айта аламын, информатиканың басқа пәндермен пәнаралық байланысы орасан зор рөл атқарады, өйткені информатика пәнаралық байланысқа қолайлы жағдай жасайды: оқушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін арттыру, білімді сапалы меңгеру үшін, негізгі және бейіндік сыныптар үшін (физика) - математикалық профиль), кіріктірілген сабақтарды өткізу үшін қажет. Бұл мектеп оқушыларына өздерінің қызығушылықтары мен бейімділіктері бар салаларда білім мен дағдыларды игеріп қана қоймай, сонымен қатар оқушыларды өз бетінше білім алуға, ойлауға, қазіргі қоғамда бағдарлай білуге, сұранысқа ие және табысты болуға үйретеді.

Мектеп информатикасы – оқушыларды әр түрлі типтегі ақпаратты өңдеуге үйрету арқылы көптеген мектеп пәндерін біріктіретін мета-пән. Информатиканы оқытудағы тақырыптардың көпшілігі басқа мектеп пәндерімен пәнаралық байланыстарды қамтиды, әсіресе оқушылардың математикалық логикалық ойлауы қажет, бұл информатикадан 9 және 11-сыныптарда ҰБТ және Бірыңғай мемлекеттік емтихан есептерін шешу кезінде қажет, программалаудан олимпиада есептерін шешу кезінде және т.б. қажет болады.

Мектептегі информатика мен мектептегі басқа пәндер арасындағы пәнаралық байланыс келесі тақырыптар бойынша жүзеге асырылады:

*1-кесте*

| *№* | *Тақырып* | *Сипаттама мен байланыс пәні* |
|---|---|---|
| 1 | Ақпараттың өлшем бірліктері | Бұл тақырып бойынша біз сабақтарымызда ақпарат көлемін санау, мәтіндік, графикалық, дыбыстық ақпаратты кодтау, интернет қосылымы арқылы ақпаратты беру жылдамдығы және т.б. есептер шығарамыз. Бұған компьютерде математикалық және физикалық есептерді шешу де кіреді. Бұл тақырып мына пәндерге қатысты: алгебра, физика, геометрия, музыка, бейнелеу өнері (графика), биология (ақпараттың қасиеттері). Ақпарат ұғымын зерделеу кезінде білімнің әртүрлі салаларынан мысалдар әлі де кеңінен қолданылады. Ақпаратты өлшеу қазіргі кезде мектептің негізгі математика курсында оқытылатын ықтималдық ұғымымен тығыз байланысты. |
| 2 | Ақпараттық процестер | Ақпаратты сақтау мәселелерін зерттегенде әртүрлі сақтау әдістері, соның ішінде магниттік және лазерлік дискілерде қарастырылады. Бұл тақырып мына пәндерге қатысты: математика, физика. |
| 3 | ДК құрылғылары | физика, тарих. |
| 4 | Модельдеу және формализациялау | Ақпараттық модельдерді зерттеу. Әр түрлі білім салаларындағы модельдер қарастырылады: физика, математика, геометрия, география, химия, биология, экология, экономика, технология және т.б. |
| 5 | Санау жүйесі | Бұл тақырып бойынша біз сабақтарымызда сандарды бір санау жүйесінен басқа санау жүйелеріне ауыстыру есептерін шығарамыз. Бұл тақырып мына пәндерге байланысты: математика, тарих. Әсіресе, оқушылардың кез келген сандарды кез келген дәрежеге көтеруді, сандарды негізге бөлуді білмейтіндігінің маңыздылығын ерекше атап өткім келеді. Ал, информатика мұғалімдері мұның бәрін информатика сабағында тағы да түсіндіруі керек . |
| 6 | Логикалық операциялар | Бұл тақырып бойынша біз сабақтарымызда логика мен логикалық операцияларға байланысты есептер шығарамыз: дизъюнкция, конъюнкция, инверсия, импликация және т.б. Бұл жағдайда қатысатын пәндер: математика, ықтималдықтар теориясы, логика алгебрасы. Оқушыларға логика алгебрасына байланысты логикалық амалдарды орындау қиынға соғатынының маңыздылығын ерекше атап өткім келеді. |
| 7 | Графикалық редакторлар | Бұл тақырып бойынша біз сабақтарымызда координаталық жазықтыққа, шамаларды санауға және графикалық ақпаратты кодтауға байланысты есептер шығарамыз, сурет саламыз немесе дайын сызбаларды өңдейміз және т.б. Элективті курстарда Adobe Photoshop бағдарламасында компьютерлік графиканы оқимыз. Бұл жағдайда қатысатын пәндер: математика, геометрия, бейнелеу өнері (графика), тарих, география, физика. |

Жалпы, информатика өзінің табиғаты бойынша жаңашыл екенін айтқым келеді. Бұл пән дербес компьютер беретін құралдарды, атап айтқанда электрондық білім беру ресурстарын, оқу бағдарламаларын, энциклопедияларды, тестілеу құралдарын және т.б. толық меңгерте алады.

Информатика пәнаралық байланыссыз өмір сүре алмайды. Пәнаралық байланысқа математика, геометрия, физика, биология және химия, тарих және қоғамтану, орыс тілі мен әдебиеті ең қолайлы екені анықталды.

Компьютерлік презентациялар кез-келген пән бойынша материалды көрсету формаларын жетілдіреді, өйткені олар аудио, көрнекі және мәтіндік презентациялар арқылы оқушының көпшілік алдында сөйлеуді жоспарлау және уақытын белгілеу қабілетін дамытуға мүмкіндіктерін береді.

Пәнаралық байланысты қолданудың нәтижелері:




